

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Орталық Азиядағы ЖҚТБ-мен күрес жөніндегі жобаны басқару өңірлік тобы арасындағы Орталық Азиядағы ЖҚТБ-мен күрес жөніндегі жобаны басқару өңірлік тобының Қазақстан Республикасында болу шарттары туралы келісімді ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 27 қыркүйектегі N 919 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Орталық Азиядағы ЖҚТБ-мен күрес жөніндегі жобаны басқару өңірлік тобы арасындағы Орталық Азиядағы ЖҚТБ-мен күрес жөніндегі жобаны басқару өңірлік тобының Қазақстан Республикасында болу шарттары туралы келісімді ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Орталық Азиядағы ЖҚТБ-мен күрес жөніндегі жобаны басқару өңірлік тобы арасындағы Орталық Азиядағы ЖҚТБ-мен күрес жөніндегі жобаны басқару өңірлік тобының Қазақстан Республикасында болу шарттары туралы келісімді ратификациялау туралы

2006 жылғы 6 қыркүйекте Астана қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Орталық Азиядағы ЖҚТБ-мен күрес жөніндегі жобаны басқару өңірлік тобы арасындағы Орталық Азиядағы ЖҚТБ-мен күрес жөніндегі жобаны басқару өңірлік тобының Қазақстан Республикасында болу шарттары туралы келісім ратификациялансын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Орталық Азиядағы ЖҚТБ-мен күрес жөніндегі жобаны басқару өңірлік тобы арасындағы Орталық Азиядағы ЖҚТБ-мен күрес жөніндегі жобаны басқару өңірлік тобының Қазақстан Республикасында болу шарттары туралы

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкімет (Қабылдаушы Тарап) мен Орталық Азиядағы ЖҚТБ-мен күрес жөніндегі жобаны басқару өңірлік

т о б ы

(Ж Б Ө Т) ,

"Орталық Азия ынтымақтастығы" ұйымы мен Халықаралық даму қауымдастығы арасындағы Даму мақсатындағы грант туралы 2005 жылғы 12 мамырдағы келісімді (IDA GRANT NUMBER H149 7C) (Грант туралы келісім) басшылыққа ала отырып,

Орталық Азиядағы ЖҚТБ-мен күрес жөніндегі жобаны іске асыру шеңберінде Қабылдаушы Тарап пен ЖБӨТ арасындағы тиімді ынтымақтастық пен өзара іс-қимыл үшін стратегияны, тактиканы және рәсімді айқындай отырып,

Қазақстан Республикасының аумағында ЖБӨТ-нің өз мақсаттары мен міндеттерін орындауы үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етуді қалай отырып,

халықаралық құқықтың жалпыға танылған қағидаттары мен нормаларын б а с ш ы л ы қ қ а а л а о т ы р ы п ,

мына төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісімнің мақсаттары үшін төменде берілген анықтамалар мынаны білдіреді:

1) "әкімшілік-техникалық персонал" - ЖБӨТ-нің қызметін әкімшілік-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын адамдар;

2) "болатын мемлекет" - Қазақстан Республикасы;

3) "мүше мемлекет" - ОАЫҰ-ға мүше мемлекеттер;

4) "атқарушы директор" - ЖБӨТ-нің атқарушы директоры;

5) "ХДҚ" - Халықаралық даму қауымдастығы;

6) "ОАЫҰ" - Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының, Тәжікстан Республикасының және Өзбекстан Республикасының арасындағы 2002 жылғы 28 ақпандағы шартпен құрылған "Орталық Азия Ынтымақтастығы" Ұйымы;

7) "Жоба" - грант шеңберінде қаржыландырылатын Орталық Азиядағы ЖҚТБ-мен к ү р е с ж ө н і н д е г і ж о б а ;

8) "ЖБӨТ" - ОАЫҰ-ның Мемлекет басшылары кеңесінің 2005 жылғы 6 қазандағы шешімімен құрылған Орталық Азиядағы ЖҚТБ-мен күрес жөніндегі жобаны басқару өңірлік тобы, ОАЫҰ мен ХДҚ арасындағы Грант туралы келісімді іске асыру ж ө н і н д е г і а т қ а р у ш ы о р г а н ;

9) "қызметкерлер" - олармен еңбек шарттарын немесе келісім-шарттар жасасу негізінде ЖБӨТ-де маман ретінде жұмыс істейтін (әкімшілік-техникалық персоналден б а с қ а) а д а м д а р ;

10) "отбасы мүшелері" - ЖБӨТ қызметкерінің жұбайы (зайыбы), кәмелетке толмаған балалары мен олардың асырауындағы және олармен тұрақты тұратын адамдар.

2-бап

1. Қабылдаушы Тарап болатын мемлекеттің аумағындағы халықаралық ұйым ретінде ЖБӨТ-нің мәртебесін таниды, аккредиттеу рәсімдерін жүзеге асыруға жәрдемдеседі, осы Келісімнің ережелеріне сәйкес көзделген артықшылықтар мен

иммунитеттерді ұсынады.

2. ЖБӨТ болатын мемлекеттің аумағында өзінің мақсаттары мен міндеттерін іске асыру үшін қажетті құқыққа қабілеттілігін пайдаланады.

3. ЖБӨТ заңды тұлғаның құқықтарын пайдаланады, өзінің қызметін осы Келісімге сәйкес жүзеге асырады.

4. Осы бапта көзделген құқықтарды ЖБӨТ-нің атынан Атқарушы директор жүзеге асырады.

3-бап

1. ЖБӨТ-нің орналасқан жері Алматы қаласы болып табылады.

2. Қабылдаушы Тарап ЖБӨТ-ні орналастыруға арналған үй-жайларды алуда ЖБӨТ-ке жәрдемдеседі.

3. Қабылдаушы Тарап ЖБӨТ-ге басқа халықаралық ұйымдарға кепілдік береді.

4-бап

ЖБӨТ, оның активтері, кірістері, ЖБӨТ-нің ресми пайдалануына арналған тауарлар мен жобаны жүзеге асыру жөніндегі грантты іске асыруға арналған ақшалай қаражат мыналардан босатылады:

1) болатын мемлекеттің аумағында көлік құралдарын қоса алғанда, кіріс пен мүлікке салынатын барлық салықтар мен алымдардан;

2) егер мұндай босату немесе қайтару болатын мемлекеттің заңнамасында көзделсе, қосылған құн салығынан, оның ішінде салықты қайтару нысанында. Бұл ретте мұндай босату немесе қайтару болатын мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіпке сәйкес жүргізіледі;

3) болатын мемлекеттің заңнамасына сәйкес қызметтік пайдалануға арналған заттарды жобамен әкелу және әкету кезіндегі тауарлардың қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды қоспағанда, кеден алымдарынан, баждардан және салықтардан, тарифтік емес реттеу шараларын қолданудан. Кеден алымдарынан босатылатын, жалпы ережелерден алынып әкелінетін заттар болатын мемлекетте сатылмайды, әйтпесе Қабылдаушы Тараппен келісілген жағдайларда жүзеге асырылады;

4) болатын мемлекеттің заңнамасына сәйкес жеке басылымдарды әкелу және әкету кезінде кеден алымдарынан, баждардан және салықтардан, тарифтік емес реттеу шараларын қолданудан.

5-бап

Ресми байланыс құралдары үшін ЖБӨТ болатын мемлекеттің аумағында кез келген басқа халықаралық ұйымға немесе дипломатиялық өкілдікке болатын мемлекет ұсынатыннан қолайлылығы кем емес жағдайларды пайдаланады.

6-бап

ЖБӨТ жобаның эмблемасын және басқа нышанын ЖБӨТ-нің ғимаратына және атқарушы директордың көлік құралына орналастырады.

7-бап

ЖБӨТ болатын мемлекеттің заңнамасына сәйкес өзінің мақсаттары мен міндеттеріне сай баспа өнімдерін шығарады және таратады.

8-бап

Сот төрелігінің тиісінше атқарылуын қамтамасыз ету және құқық қорғау органдарының ұйғарымдарын орындау, сондай-ақ осы Келісімде көзделген уағдаластықтарға байланысты кез келген теріс пайдаланушылықтың алдын алу мақсатында ЖБӨТ Қабылдаушы Тарап мемлекетінің тиісті мемлекеттік органдарымен ынтымақтастықты жүзеге асырады.

9-бап

1. Қабылдаушы Тарап осы Келісімнің шеңберіндегі уағдаластықтарға сәйкес жобаны қолдауға жәрдемдеседі және оны қамтамасыз етеді.

2. Қабылдаушы Тарап болатын мемлекеттегі ЖҚТБ-ның алдын алу үшін жоспарланып отырған қызмет пен қажеттіліктер туралы ЖБӨТ-ні хабардар етеді және ж о б а ғ а қ о л д а у к ө р с е т е д і .

3. Қабылдаушы Тарап ЖҚТБ-мен күрес жөніндегі ынтымақтастық бағдарламаларын әзірлеу үдерісінде әдістемелік қолдау көрсету мәселелері бойынша ЖБӨТ-ке консультация беруді ұсынады.

10-бап

1. ЖБӨТ-нің қызметкерлері халықаралық қызметшілермен теңестіріледі.

2. Қызметтік міндеттерін орындау кезінде атқарушы директор мен ЖБӨТ қызметкерлері қандай да бір мүше мемлекеттен және/немесе Үкіметтен, ұйымнан немесе жеке тұлғадан нұсқаулар сұрата немесе алмайды.

3. Қабылдаушы Тарап ЖБӨТ-нің қызметкерлері функцияларының халықаралық сипатын мүлтіксіз құрметтеуге және олардың қызметтік міндеттерін орындауы кезінде оларға ықпал етпеуге міндеттенеді.

11-бап

1. ЖБӨТ-нің қызметкерлері болатын мемлекеттің аумағында:

1) егер мұндай босату болатын мемлекет пен мүше мемлекеттердің арасында қосарланған салық салуды болдырмау туралы келісімдерде көзделген жағдайда, сондай-ақ болатын мемлекеттің салық заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда жалақыға және жобаны іске асыру шеңберінде төленетін өзге де сыйақыларға салынатын салықтан босатылады;

2) мемлекеттік міндеттіліктерден босатылады;

3) өз отбасыларының мүшелерімен бірге иммиграция жөніндегі шектеулерден және шетелдіктер ретінде тіркелуден босатылады;

4) валюталық операциялар саласында мүше мемлекеттердің аумақтарында дипломатиялық агенттерге ұсынылатын ережелерді пайдаланады;

5) лауазымға бастапқы орналасу кезінде және келісім-шарттың аяқталуына байланысты болатын мемлекеттен кеткенде болатын мемлекеттің заңнамасына сәйкес

жеке өздерінің пайдалануына арналған автокөлік құралын қоса алғанда, мүліктерді кеден баждарын, салықтар мен алымдарды төлемей-ақ әкелуге/әкетуге құқығы бар.

2. Осы баптың ережелері Қазақстан Республикасының азаматтарына қолданылмайды.

12-бап

1. ЖБӨТ-нің қызметкерлері үшін оларда қызметке орналасу үшін шақыру хат немесе іссапар ұйғарымы болған кезде визалар жедел түрде және ақысыз негізде ресімделеді.

2. Егер бұл болатын мемлекет заңнамасының ережелеріне сәйкес келсе, ЖБӨТ-нің қызметкерлері жобаның іс-шараларын өткізу үшін қажет болған жағдайда оның аумағында еркін жүре алады.

3. ЖБӨТ-нің қызметкерлері пайдаланатын артықшылықтар мен иммунитеттер оларға жеке пайдасы үшін емес, жобаның мүддесіндегі өздерінің ресми функцияларын тиімді, тәуелсіз орындау үшін беріледі.

13-бап

ЖБӨТ Қабылдаушы Тарапқа ЖБӨТ-дегі өз қызметкерлерінің тегі мен санаттарын және олардың мәртебесінің кез келген өзгерісін тұрақты хабарлап тұрады.

14-бап

1. Қабылдаушы Тарап атқарушы директордың өтініші бойынша ЖБӨТ-нің әрбір қызметкеріне тиісті аккредиттеу куәлігін/карточкасын береді.

2. Қабылдаушы Тараптың уәкілетті лауазымды тұлғасының талабы бойынша ЖБӨТ-нің қызметкері өзінің аккредиттеу куәлігін/карточкасын көрсетуі тиіс.

3. ЖБӨТ қызметкерінің қызмет мерзімі аяқталысымен немесе оны ауыстыру кезінде ЖБӨТ оның аккредиттеу куәлігін/карточкасын Қабылдаушы Тарапқа нақтылы қайтаруды қамтамасыз етеді.

15-бап

1. ЖБӨТ пен қызметкерлердің, әкімшілік-техникалық персоналдың арасындағы еңбек қатынастары болатын мемлекеттің заңнамасымен реттеледі.

2. ЖБӨТ қызметкерлерін зейнетақымен және әлеуметтік қамсыздандыру олар азаматы болып табылатын мемлекеттің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

3. ЖБӨТ жұмыскерлеріне зейнетақы және әлеуметтік жәрдемақылар төлеу жөніндегі шығыстарды олар азаматы болып табылатын мемлекет көтереді.

4. ЖБӨТ қызметкерлері, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері болатын мемлекеттің аумағында болатын мемлекеттің заңнамасына сәйкес коммуналдық-тұрмыстық, медициналық, қонақ үй, көлік және қызмет көрсетудің басқа да түрлері үшін ақы төлеу мәселелерінде болатын мемлекет азаматтарының тиісті құқықтарын пайдаланады.

16-бап

1. Осы Келісімнің ережелеріне сәйкес артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланатын барлық тұлғалар болатын мемлекеттің заңнамасын құрметтеуге және сол

мемлекеттің ішкі істеріне араласпауға міндетті.

2. ЖБӨТ қызметкерлері болып табылатын Қазақстан Республикасының азаматтары Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау міндетінен босатылмайды.

17-бап

Осы Келісімді қолдануға немесе түсіндіруге байланысты даулы мәселелер консультациялар мен келіссөздер арқылы шешіледі.

18-бап

1. Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындау туралы қазақстандық тараптың жазбаша хабарламасын ЖБӨТ-нің алған күнінен бастап күшіне енеді.

2. Осы Келісімге осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін және ол осы баптың 1-тармағына сәйкес күшіне енеді.

3. Осы Келісім Грант туралы келісімнің қолданылуы кезеңінде қолданылады және ЖБӨТ-нің орналасқан жері өзгерген жағдайда өзінің күшін тоқтатады. Мұндай жағдайда ЖБӨТ-нің болатын жерінде қызметін тоқтатуға және осыған байланысты қаржылық және мүліктік мәселелерді реттеуге қатысты Келісімнің ережелері ғана күшінде қалады.

2006 жылғы 5 қыркүйекте Астана қаласында әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды, әрі барлық мәтіннің бірдей заңды күші бар. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінеді.

Осы Келісімнің данасы ЖБӨТ-де сақталады, ол Қазақстан Республикасына, Қырғыз Республикасына, Тәжікстан Республикасына және Өзбекстан Республикасына оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін
өңірлік тобы үшін*

*Орталық Азиядағы ЖҚТБ-мен
күрес жөніндегі жобаны басқару*